

№15 (20 932)  
16 сәуір,  
2026 жыл, бейсенбі



# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau\_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau\_gazeti
- Atyrau\_news
- Атырау жаңалықтары

## «ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК БІЗГЕ!»



Коллажды жасаған Сая РАМАЗАНОВА

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ ТЕК ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ ЕМЕС, БҮЛ – ТҮТАС ҚОҒАМНЫҢ САУЛЫҒЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН КҮРДЕЛІ ТҮЙІН. ӘСІРЕСЕ ШАЛҒАЙ АУДАНДАРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ САПАСЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙ ТҮРҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. МӘСЕЛЕН, ИНДЕР АУДАНЫНДА ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА ҚАЖЕТТІЛІК БАР. АУДАҒЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АНАРГУЛ ДОСБАЕВНЫҢ АЙТУЫНША, ЖЕРГІЛІКТІ ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТҮРҒЫНДАРДЫҢ САУЛЫҒЫНА ДА ӘЖЕПТӘУІР САЛМАҚ ТҮСІРІП ОТЫР.

(Толығырақ 14-бетте)



ЭКОНОМИКА  
9 Алыптар бар Атырауға асыққан



КӘСІПКЕРЛІК  
13 Жарлының аузы аққа тисе...



ӘЛЕУМЕТ  
15 Керегі – аяушылық емес, мүмкіндік

\*Өңірлерде

### Көптен күткен қуаныш

Құрманғазы ауданы Асан ауылындағы 100 орындық мәдениет үйінің құрылысы аяқталды. Дәл осындай мәдени нысанның құрылысы Азғыр ауылында жүріп жатыр.

– Кеңес үкіметі кезінде Асан ауылында мәдениет үйі болған. Алайда жекешелендіру уақытында жеке иелікке өтіп, бұзылған болатын. Соған қарамастан мәдениет қызметкерлері ауыл әкімдігі ғимаратында дайындық жұмыстарын жүргізіп келді. Мұнда балаларға арналған домбыра үйірмелері жұмыс істейді, – деді Асан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Гүлім Қабдражитова.

Ал Азғыр ауылында 100 орындық мәдениет

үйінің құрылысы жүргізілуде. Нысанды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

– Бұған дейін ауылда мәдениет үйі болмады. Бұл жоба ауыл тұрғындарының сұранысы негізінде жүзеге асырылуда. Жаңа нысан іске қосылғаннан кейін ауылда түрлі мәдени іс-шаралар, жиындар мен кештер өткізуге жағдай жасалады, – деді Азғыр ауылдық округінің әкімі Арон Ғұмаров.

Екі мәдениет үйі де заманауи талаптарға сай жабдықталып, материалдық-техникалық базасы толық жаңартылады. Нысандардың аумағы абаттандырылып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастырылады. Бүгінде Азғыр ауылында 300, Асанда 544 тұрғын бар.

\*Жүргізуші күәлігі

### Шектеу алынады. Не өзгереді?

Ішкі істер министрлігі Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, жүргізуші күәлігін алу үшін емтихан қабылдау қағидаларына өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр.

Ұсынылған түзетулер рәсімдердің ашықтығын арттыруға және адамдар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Атап айтқанда, емтихан тапсыру әрекеттерінің санына қойылған шектеуді алып тастау көзделуде. Сондай-ақ практикалық емтиханды мерзімінен бұрын қайта тапсыру мүмкіндігі енгізіледі – әр 10 күн сайын ақылы негізде. Бұл ретте азаматтар үшін тегін қайта тапсыру құқығы сақталады – 30 күнде бір рет.

Сонымен қатар цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Емтихан қабылдау процесін автоматтандыру деңгейін арттыру және адам ықпалын барынша азайту бойынша шешімдер пысықталуда.

ІІМ өкілдері мұндағы басты міндет – көлік жүргізу дағдыларын объективті бағалауды қамтамасыз ету, баршаға тең жағдай жасау және кез-келген заңбұзушылыққа жол бермеу екенін атап өтті.

Бек АЙДАРӘЛИ

\*«Таза Қазақстан»

Облыс орталығындағы №44 мектеп-гимназиясында «Eco Lab» экологиялық бұрышы ашылды. Ол «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қолға алынып отыр. Ауқымды жоба шеңберінде ата-аналардың қолдауымен мектеп ауласына тал егілді. Осылайша ұстаздар мен оқушылар табиғатқа деген жанашырлығын ерекше форматта көрсетті.



### Қайырымды жүрек қатаймайды

– Аталған жоба – білім алушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. «EcoLab» бұрышы оқушыларға

табиғатты зерттеп, экологиялық мәселелерді түсінуге, сондай-ақ күнделікті өмірде табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, – дейді №44 мектеп-гимназиясының директоры Абай Ақмурзиев.

Экобұрышта көжектер, тотықұстар, балапандар, тасбақалар бар. Сондай-ақ оқушылар арнайы жылыжайда қызанақ, қияр секілді бақша дақылдарын өсіреді. Экобұрыштың ашылу салтанатында оқушылар суды үнемдеу, үй жағдайында жанартау жасау жолдарынан зертханалық жұмыстар көрсетті. Ал жаңа экобұрыштың лентасын облыстық «Атырау» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының орынбасары Азамат Базарбаев пен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Гүлайым Телеубаева қылды. Шараға қатысушылар мен қонақтар жобаның ауқымы кеңейе түсетініне сенім білдірді.

Айбөпе САБЫРОВА



«Атырау» газетіне

6 айға жазылу  
жүріп жатыр



6 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3656,12	3656,12
Заңды тұлғалар үшін	8067,28	6880,12

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі.



## Әлеуметтік төлемдерді алудағы қауіпсіздік: әлеуметтік желілердегі алаяқтардан сақ болайық

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі (жүйе) жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша түрі болып табылады. Жүйе шектеулі ынтымақтастық қағидатына негізделген, яғни әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӨСҚ) жұмыс істейтін халық үшін төленеді. Бұл ретте, олар үшін МӨСҚ-ға әлеуметтік аударымдар түскен және әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған адамдар ғана әлеуметтік төлемдерді алушылар болып табылады.

Бүгінгі таңда жүйеге шамамен 7 млн. жұмыс істейтін азамат қатысады, жыл сайын 1,3 млн-нан астам адам МӨСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады. Жүйе екі ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызды бар төлемді қарастырады – еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша. Бұл төлемдер бюджет қаражаты есебінен төленетін мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Мәселен, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйеге қатысушы үшін жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан маңызды қолдау болып табылатын жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем. Ол жүйеге қатысушы Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда тағайындалады.

МӨСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің тиісті құқықтық актілерімен реттеледі. Төлем мөлшерлері әр жүйеге қатысушы үшін жеке есептеледі және тікелей МӨСҚ-ға уақытылы және толық төленген әлеуметтік аударымдарға байланысты анықталады.

Заннамалық тұрғыдан МӨСҚ әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығын тексеру құқығына ие. Осыған байланысты қажет болған жағдайда тиісті сұраулар мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, төлеушіге және өтініш берушіге жіберіледі. Әлеуметтік аударымдардың МӨСҚ-ға уақытылы және толық түспеуі, сондай-ақ құжаттар мен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтердің сәйкессіздігі тексеріске негіз бола алады.

Жалған еңбек қатынастары немесе жалған мәліметтердің ұсынылғаны анықталған жағдайда материалдар құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Әлеуметтік желілерде таратылып жатқан МӨСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға көмектесуге бағытталған жарнамалық сипаттағы хабарламаларға, соның ішінде бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді «құзартып беру» туралы хабарламаларға бөлек назар аударамыз.

Бала күтімі бойынша демалыста отырған әйелдердің жұмыс орны сақталады, осыған орай олардың жұмыссыздар категориясына жатпайтынын атап өткен жөн. Жұмыссыз мәртебесі тек шын мәнінде жұмыс іздеп, оған кірісуге дайын адамдарға беріледі.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тек жүйе қатысушысына, ол жұмыссыз ретінде тіркеліп, тиісті міндеттемелерді орындаған жағдайда тағайындалады. Төлем алушы жұмыспен қамтылғаны туралы Мансап орталығын

хабардар етуге міндетті. Жалған мәлімет берілген жағдайда, төленген қаражат заңда белгіленген тәртіппен қайтарылады.

Әлеуметтік төлем алу мақсатында қасақана жалған мәлімет беру алаяқтық ретінде бағалануы мүмкін. Әлеуметтік желілерде осындай хабарламаларды тарататын адамдар және осындай істерге қатысатын азаматтар заң бойынша жауапқа тартылуы мүмкін екендігін ескертеміз.

Мысалы, 2025 жылы елдің 12 өңірінде алаяқтық фактілері бойынша 30-дан астам қылмыстық іс қозғалған, ал бес өңірде 7 сот үкімі шығарылған. Азаматтар әлеуметтік желілердегі (Instagram және басқалары) жарнамалық хабарламаларға өтіп, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша алаяқтық схемаларға тартылғаны анықталды.

Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйе бойынша қажетті ақпаратты тек ресми дереккөздерден алуды ұсынамыз (электрондық үкіметтің веб-порталы (egov.kz), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (enbek.gov.kz), МӨСҚ-ның (gfs.kz) ресми сайттары). Сондай-ақ, жеке деректерді, оның ішінде жеке электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға бермеу қажет. Кез-келген сұрақ туындаған жағдайда 1414 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

МӨСҚ-дан тағайындалатын әлеуметтік төлемдер заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және әлеуметтік желілердегі «көмекшілердің» қатысуын қажет етпейді. Саналы көзқарас пен ресми арналарды пайдалану – азаматтардың қаржылық қауіпсіздігінің кепілі.

**Атырау облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы**

## ҚЫШЫМА АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Қышыма (чесотка) бұл *Sarcoptes scabiei* (қышыма кенесі) тудыратын терінің қатты қышуымен және бөртпелермен сипатталатын терінің жұқпалы ауруы. Оны тарататын қоздырғыш қотыр кенесі. Әлемде жиі кездесетін, адамнан адамға тез жұғатын дерматологиялық ауру. Оған әлеуметтік жағдайға қарамастан кез-келген адам шалдығуы мүмкін. Жұғу жолдары: Қышыма қотыры бар адаммен қарым-қатынас (қол алысу, құшақтасу, тағыда басқа жанасулар) онымен тәсеқ орынды, киім кешекті, орамалды, ысқыны (моchalка) тағыда басқа жеке заттарды бірге пайдаланғанда жұғады. Кене адам денесіне түскеннен кейін 10-14 күн арасында алғашқы белгілері пайда болады. Қышыма ауруын жұқтырған кезде негізгі белгілері түнге қарай қышу, терідегі жіңішке кене жолдарының пайда болуы, дененің кіндік айналасы, саусақ, башпай арасы шаптардан, білек шынтақ, жыныс мүшелерінің айналасынан басталуы мүмкін, қатты қышып түйіршікті көпіршіктер, қанды қабыршақтар тырнақ іздері байқалады. Бұндай кезде уақыт оздырмай өзін-өзі емдемей, дәрігерге қаралу керек. Қышымамен күресте дәрігерге уақытылы көрініп дер кезінде ем бастау тезірек паразиттердің көзін жою науқастың тез

сауығуына септігін тигізеді. Қышымамен ауырмаудың басты жолы тазалық.

- Ұйықтар алдында қолды жуып душ қабылдау керек;
- Төсек орын жабдықтарын кен дегенде аптапсын бір рет жуып, ауыстыру бөтен адамның төсек орнын қолдануға болмайды;
- Тырнақты алып, тазалап тұру;
- Жеке бас гигиенаны сақтау;
- Тұрғын үйлерге үнемі ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу;
- Қоғамдық орындарда бассейні, монша сауналарда сақтану;
- Егер отбасы мүшесінің біреуі қышымамен жұқтырған болса міндетті түрде киім кешек жеке заттарын 2% содалы ерітіндіде 10 мин қайнату, дезинфекциялық ерітінділерге салу. Киімдерді үтіктен кию жеке бас гигиенасын қатаң сақтаған адам тез айығатыны жадыңызда жүрсін!

**Рауан ЕСЕНҒАЗИЕВА, Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы**

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет керек

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күрестеу талпынуы болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын

талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез-келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады.

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің

жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықпен шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

**Анар ИСТАУВЛЕТОВА, АКСЭБ басқармасының бас маманы**

## МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНА ОҚУҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

2026 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына 2026-2027 оқу жылына құжат қабылдау басталды.

Академияда магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау **admission.ara.kz** ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Биыл үміткерлер 1 сәуірден бастап 1 маусымға дейін тіркеліп, өтініш бере алады. Яғни құжат қабылдау процесі 2 ай ғана жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200-ге жуық адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Бұрын магистратураға тек 120 грант бөлінсе, биыл мемлекеттік грант саны 80-ге жуық артты. Сондай-ақ үміткерлердің функционалдык еңбек өтілін анықтау бойынша арнайы комиссия құрылады. Жаңа оқу жылына құжаттар 12 емес, 15 білім бағдарламасы бойынша қабылданады. «ЕМВА – ІСКЕРЛІК-ӘКІМШІЛЕНДІРУ», «DDPA – ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ» білім бағдарламалары енгізілді.

Жекелеген білім беру бағдарламаларын ғылыми-педагогикалық бағытқа ауыстыруға байланысты «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар», «Экономика» бағдарламаларының оқу мерзімі 1,5 жылдан 2 жылға дейін ұзартылды.

Сонымен қатар «Адам ресурстарды басқару» білім беру бағдарламасы «Адам ресурстарды стратегиялық басқару» бағдарламасы болып өзгертіліп, оқу мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұлғайтылды.

«Мемлекеттік саясат» магистратура бағдарламасына түсушілер үшін ағылшын тілін меңгергенін растайтын сертификаттың болуы міндетті талап ретінде енгізілді.

- МАГИСТРАТУРА (1 / 1,5 ЖЫЛ):
- MPA – Мемлекеттік басқару (1 жыл)
  - MDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару (1 жыл)
  - MSHRM – Адам ресурстарды стратегиялық басқару (1,5 жыл)
  - MRD – Өңірлік даму (1,5 жыл)

ЖҰМЫСПЕН ҚАТАР ОҚУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ (1 ЖЫЛ):

- EMPA – Мемлекеттік басқару
- MRD – Өңірлік даму
- EMBA – Іскерлік өкімшілендіру

2 ЖЫЛДЫҚ МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- MPP – Мемлекеттік саясат
- ME – Экономика
- MIR – Халықаралық қатынастар

ДОКТОРАНТУРА (3 ЖЫЛ):

- DPA – Мемлекеттік басқару
- DIR – Халықаралық қатынастар
- DE – Экономика
- DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ДАТАЛАР:

- Құжат қабылдау: 1 сәуір – 1 маусым

- Конкурстық іріктеу: 5 маусым – 19 маусым
- Аналитикалық эссе: 5 маусым – 7 маусым
- Сұхбат: 5 маусым – 19 маусым
- Алдын ала қабылдау: 25 маусым
- Қорытынды қабылдау: 10 шілде
- Оқу басталуы: 1 қыркүйек

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖҮКТЕУ ҚАЖЕТ:

1. Мемлекеттік органның жолдамасы (мемлекеттік қызметшілер үшін).
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі.
3. Жоғары білімі туралы құжаттың (магистратураға түсу үшін) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың (докторантураға түсу үшін) сканерленген нұсқасы (косымшаларымен бірге).
4. Шетел азаматтарын қоспағанда, мемлекеттік тілді білу деңгейін (B1-ден кем емес) растайтын QAZAQ RESMI TEST (https://www.qrt.kz) немесе ҚАЗТЕСТ (http://kazakhstan.kz) сертификатты.
5. докторантура бағдарламалары (DIR, DPA, DE, DDPA) мен «Халықаралық қатынастар – MIR», «Мемлекеттік саясат – MPP» магистратура бағдарламалары үшін халықаралық сертификаттардың бірі қажет:

МАГИСТРАТУРА		
Халықаралық қатынастар – Master of International Relations	IELTS	кемінде 4.0 балл
	TOEFL IBT	кемінде 29 балл
	TOEFL ITP	кемінде 343 балл
Мемлекеттік саясат – Master of Public Policy	TOEIC	кемінде 405 балл
	Duolingo English Test	кемінде 60 балл

ДОКТОРАНТУРА		
Мемлекеттік басқару – DPA	IELTS	кемінде 5.5 балл
	TOEFL IBT	кемінде 46 балл
	TOEFL ITP (LEVEL 1)	кемінде 417 балл
DIR – Международные отношения	TOEIC	кемінде 550 балл
	Duolingo English Test	кемінде 95 балл
DE – Экономика	DDPA – Цифровое государственное управление	

6. Мемлекеттік қызметшілер үшін – мемлекеттік қызмет персоналының бірыңғай автоматтандырылған дерекқорынан (ақпараттық жүйеден) алынған немесе жұмыс орнынан кадр қызметі растаған қызмет тізімі, басқа үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат.

7. Функционалдык жұмыс тәжірибесін талап ететін білім беру бағдарламаларына үміткерлер үшін қосымша жұмыс орнынан кадр қызметі растаған лауазымдық нұсқаулығы мен құрылымдық бөлімше туралы ереже.



8. Докторантура бағдарламаларына үміткерлер үшін – зерттеу жұмысы жоспарының жобасы (research proposal).

9. Электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық өтініш. Шетелдік азаматтар үшін өтініштің сканерленген нұсқасы.

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ:

1 кезең – аналитикалық эссе жазу. Бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін. II кезең – сұхбат. Мақсаты – үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау. Сұхбат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады. Сұхбат үміткердің жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес онлайн форматта жүргізіледі.

Докторантура бағдарламаларына түсетін үміткерлер үшін III кезең – зерттеу жұмысы жоспарының жобасын бағалау. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасында зерттеудің өзектілігі, сыни талдау, болжамды әдістері және проблеманы/мәселені шешудің ықтимал жолдары баяндалады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Өзге қаржы көздері есебінен үміткерлер жинаған балдарына қарай қабылданады, бұл ретте конкурстық комиссияның қорытындылары мен сараптамалық бағалаулар қосымша ескеріледі.

Бағдарлама жайлы, қабылдау шарттары және құжаттар туралы қосымша ақпаратты [www.ara.kz](http://www.ara.kz) Академия сайтынан немесе төменде көрсетілген контакттер арқылы біле аласыз: +7 7122 492294.

**Академия – бұл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімді дамуына үлес қосқысы келетін, кәсіби біліктілігін арттыруға ұмтылатын мамандар үшін бірегей мүмкіндік.**

«Тодини Коструциони Дженерали С.п.А.» Акционерлік қоғамының Ақтөбе филиалы барлық мүдделі тараптарды «Атырау облысы Исатай ауданындағы «TDS-8» сазды жыныстар кен орнын игеруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 20 мамыр, сағат 16.30  
Өткізілетін орны: Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық а.о., Тұщықұдық а.Шәріпов к-сі, 18, Мәдениет үйінің ғимараты  
Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаулардың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Атырау облысы, Исатай ауданы.

Әсер ететін аумақ- Тұщықұдық ауылы.  
Географиялық координаттары: 47° 12' 55.0», 51° 03' 15.0»

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOTkWWRWUzMwTWG0dTNlQ2VTZz09>

Конференция идентификаторы: 598 440 2741  
Кіру коды: 677118

Бастамашы: «Тодини Коструциони Дженерали С.п.А.» Акционерлік қоғамының Ақтөбе филиалы. [p.savchanchik@todini.it](mailto:p.savchanchik@todini.it). Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 18. БСН 170941035192 Әзірлеуші: GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс-2 ш.а., 14 к-ше, 37 үй. БСН 190940023028, эл. адрес: [gulsim81@list.ru](mailto:gulsim81@list.ru) \

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау к., Әйтеке би к., 77, [ekspertizyupr@mail.ru](mailto:ekspertizyupr@mail.ru)) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru>

Қосымша ақпаратты [gulsim81@list.ru](mailto:gulsim81@list.ru) эл. адресі мен +77017455732 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

«ОНЛАЙН ОЙЛ» ЖШС барлық мүдделі тараптарды «Атырау облысы Атырау қаласының аңындағы «Ақжар-2» сазды жыныстарын игеру үшін тау-кен жұмыстарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 29 мамыр, сағат 15.00

Өткізілетін орны: Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайыршақты а.о., Ақжар-2 шағынауданы, 1-көше, 17А, Ақжар мәдениет үйі.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаулардың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Атырау қаласы, Ақжар-2 шағынауданы.

Әсер ететін аумақ- Ақжар-2 шағынауданы.  
Географиялық координаттары: 47° 13' 50.0», 52° 00' 30.0»

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOTkWWRWUzMwTWG0dTNlQ2VTZz09>

Конференция идентификаторы: 598 440 2741  
Кіру коды: 677118

Бастамашы: «ОНЛАЙН ОЙЛ» ЖШС. Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ақкөл ауылдық округі, бірге. Ақкөл, көш. Р.Қошқарбаев, 2. БСН 170240024552, эл. мекен-жайы: [yeuleov.ashkat@mail.ru](mailto:yeuleov.ashkat@mail.ru). Тел.: +7